

Қаратал ауданы бойынша ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес процент жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 мамырдағы N 5-33 шешімі. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 11 маусымда N 2-12-194 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 45 -184

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 24.04.2015 № 45-184. РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 4-тармағына және Қаратал ауданы әкімінің 2012 жылғы 18 сәуірдегі N 03-20-394 ұсынысына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қаратал ауданы бойынша ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес процент жоғары айлықақы мен тарифтік **с т а в к а л а р** **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қаратал аудандық мәслихаттың жоспарлау, бюджет, шаруашылық қызмет, құрылыс, жерді пайдалану, табиғат қорғау және табиғи қорды ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты **к о м и с с и я с ы н а** **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы шешім Әділет органынан мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы:

С. Дәркенбаева

Мәслихат хатшысы:

Б. Смаилов

КЕЛІСІЛДІ:

Қаратал аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау

бөлімінің бастығы:
16 мамыр 2012 жыл

Ертай Нұрпазылұлы Нұрпазылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ